



ДАНАЛЫҚТЫҢ ШЫРАҒДАНЫ, ОЙ-САНАНЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Тереңнен ой толғайтын Абай атамyzдың шығармашылығы даналықтың шырағданы, рухани жаңғырудың негізгі көзі, ой-сананың шамшырағы десек артық емес. Ол – іісі қазақтың ғана емес, күллі адамзатқа ортақ ұлы тұлға. Абай әлемінде ұлт болмысы, жан азабы мен терең ой иірімі жатыр. Данышпан ойшыл өз халқынан сарқылмас қуат, шалқар шабыт алды. Ел мүддесін өз мүддесінен биікке қойды. Дүние дидары өзгерсе де, халқымыз ұлы ойшылдың шығармасымен әлі сусындап, өзіне нәр алып жатыр. Жыл өткен сайын оның ұлылығының жаңа қыры ашылып, жанымызға ақылшы серік болуда.

Абайды тану – қазақты тану, ұлттық маржан тілін, мыңдаған жыл бойы жаласқан зор мәдениетін тану. Абай мұрасы – мәңгілік. Барша қазақ баласы Абайды тануға, білуге, Абаймен мақтануға тиіс. Ұлы ақын өз халқын өркендеген, өскен, еркін халық ретінде көруді арман еткен. «Абай әлемге ашылған терезе еді, оның жаны жанарып жатқан дүниенің алыстағы сарынын сезе білді... Гете мен Толстой сынды көптеген заңғар гуманист тұлғалардың даналық бауырласы екенін танытты» деген екен жазушы Шыңғыс Айтматов. Абайдың даналық философиясы әлі зерттеліп біткен жоқ. Ғалымдардың том-том кітаптарына арқау болған тұңғыш толық жинағының М.Әуезовтің басшылығымен Қызылордада жарыққа шыққанын біреу білсе, біреу білмеуі мүмкін. Иә, қазақ жұртында жаппай ашаршылық болып жатқан қиын-қыстау кезеңде М.Әуезов пен І.Жансүгіровтің құрастыруымен Абайдың тұңғыш жинағы Қызылорда қаласындағы «Қазақстан» баспасынан шыққан. Абайдың әдеби мұрасын жинақтап, бастыру ісімен ұлы ақын дүниеден озған соң інісі Кәкітай мен баласы Тұрағұл айналысқан. Ақын көзі тірісінде өз шығармасын кітап түрінде жинақтамаған. Өлеңдері ел аузында жатталып, ал қолжазбалары толық сақталмаған. Сондықтан да ақын мұрасын жинақтау ісінде көптеген қиындық туындаған.

2-БЕТТЕ



Ақмешіт

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

8 тамыз
сенбі

№59 (2271)

2026 жыл

ТАМЫЗДЫҢ ЕКІНШІ ЖЕКСЕНБІСІ – ҚҰРЫЛЫСШЫЛАР КҮНІ



ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫНЫ – ҚАЛА ДАМУЫНЫҢ АЙҒАҒЫ

Құрылыс – кез келген өмір дамуының негізгі көрсеткіштерінің бірі. Мемлекет басшысы елімізді үлкен құрылыс алаңына айналдыру қажеттігіне басты назар аударып отыр. Ел Президенті теміржолдар, автомобиль жолдары, әуежайлар, вокзалдар, сумен жабдықтау нысандары, өндіріс орындары мен әлеуметтік инфрақұрылымды қарқынды дамыту ел экономикасының өркендеуіне жол ашатынын атап айтты. Сыр өңірінде де осы тапсырмалар аясында ауқымды жобалар жүзеге асуда. Нәтижесінде Қызылорданың бас шаһары жайлы да таза қалаға айналды. Кейінгі жылдары мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан ерекше қолдаудың арқасында құрылыс қарқыны арта түсті. Былғы жылдың алғашқы алты айында Сыр өңірінде құрылыс жұмыстарының көлемі 131,3 пайызды құрап, республика бойынша екінші орынға шықты.

Атап айтқанда, облыс орталығында сәні мен салтанаты жарасқан құрылыс нысандарының саны артты. Ел игілігі үшін салынып жатқан қаладағы әрбір нысанның өз ерекшелігі бар. Кейінгі жылдары заманауи тұрғын үйлер, жаңа нысандар салынып, жолдар жөнделіп, ел игілігіне пайдалануға берілді.

2-БЕТТЕ

ЗӘУЛІМ ҒИМАРАТТАРДА ТУҒАН ЖЕРДІ ТҮЛЕТКЕН АЗАМАТТАРДЫҢ ҚОЛТАҢБАСЫ БАР



Туған жердің аптап ыстығы да, дауылы да, өнменнен өтер қара суығы да жұмысқа кедергі емес. Шілденің шыжыған ыстығында маңдай терін жеңімен сүртіп, кіріпші қалауды әрі қарай жалғастыра беретін құрылысшының дәл қазір бар ойы – жұмысты сапалы әрі дер кезінде аяқтау. Түрлідеген техниканың құлақ жарған үні, күн сайын биіктей түскен ғимарат оны шабыттандыра түскендей. Ал ғимарат кілті табысталған сәттегі сезімді айтып жеткізуге сөз жетер ме, сірә?! Мақтаныш сезімі, жо-жоқ мақтаныш деуге болмас, бір бақытқа бөленгендей ерекше қуаныш. Күн сайын қайнаған құрылыс алаңын алыстан бақылап жүрген халықтың енді ғимарат алдына жақындап келіп, риза болғаны, алғаусыз алғысы. Дәл осы сәтте дауылға да, жауынға да қарамай еткен еңбектің жемісін сезінері сөзсіз. Өне, көпбалалы ана пәтер кілтін ұстап қуаныштан жылап тұр, ал мына жас отбасының қуанышында шек жоқ...

3-БЕТТЕ

ҚҰТХАНАМ – КІТАПХАНАМ, ЖАНЫМДЫ ЖҰТАТПАҒАН



Құтхана – кітапхана, Жанымды жұтатпаған, Санамның шамшырағын, Кітапсыз тұтатпаған, кітапхана – деп ақындар жырлағандай, кітапхана – өркениет пен мәдениет орталығы. Білім мен ілім іздеген жастар үшін өңірде Әбділда Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының орны ерекше. Жиялы қауым өкілдеріне рухани дем беретін кітапханада іс-шаралар, ақын-жазушылардың шығармашылық кештері, кітап көрмесі, түрлі тақырыптағы танымдық кештер жиі өткізіледі. Рухани іс-шаралар арқылы қоғамның мәдени деңгейі көтеріледі. Кітапханалар мәдени мұраны сақтайтын орын. Көне кітаптар мен қолжазбалар осы жерлерде сақталып, болашақ ұрпаққа жеткізіледі. Оқу залындағы көркем әдебиетпен сусындағандар қатары көбейіп келе жатқаны да көңілге қуаныш сыйлайды.

4-БЕТТЕ



Аспанмен таласқан ғимараттар, заманауи тұрғын үй кешендері мен көз тартар зәулім сарайлар... Сыр бойындағы шаһар – бүгінде танымастай өзгеріп, күн санап құлпырып, заман талабына сай қарыштап дамып келеді. Күннен-күнге ажарлана түскен қалада сәулетшінің қағаз бетіндегі қиялын ақиқатқа айналдырған құрылысшылардың еңбегі өлшеусіз. Бүгінде бой көтерген әрбір зәулім нысан, мектеп пен балабақша – қаламыздың өсіп-өркендеуінің айқын дәлелі. Осы орайда, құрылыс саласы мамандарының халық игілігі үшін атқарып жатқан ауқымды жұмысына тоқталып, ерен еңбегін ұлықтау артық емес.

ЕҢБЕГІ ЕРЛІКПЕН ТЕҢ МАМАНДЫҚ

Елімізде «Құрылысшылар күні» тамыз айының екінші жексенбісінде аталып өтеді. Кәсіби мерекенің ресми мәртебесі заман талабына сай жаңғырып, 1998 жылы Президент жарлығымен қайта бекітілді. Тәуелсіз мемлекетіміз құрып білекті құрылысшылардың қоғамдағы орнын заң жүзінде бекітті. Дегенмен, бұл дәстүрлі мерекенің тамыры тереңде жатыр. Тарихтың сарғайған беттерінде көз жүгіртсек, қазақ топырағындағы құрылысшылар қауымы өзінің төл мерекесін алғаш рет 1956 жылдың тамыз айында, атап өткен екен. Содан бері арада жетпіс жылға жуық уақыт өтсе де, ұрпақтар сабақтастығы үзілмей, бұл күн жасампаздықтың, қажырлы еңбектің символына айналды.

2-БЕТТЕ

Қаланы ерекше ренге бөлеп, тұрғындардың сүйікті демалыс орнының бірі – Президент саябағы. Биыл жалпы құны 14,6 млрд теңгені құрайтын жоба аясында саябақ толықтай заманауи демалыс орталығына айналды. Мұнда музыкалық және жаяу жүргіншілерге арналған су-бұрқақтар, ұзындығы 120 метрлік су арнасы, «Өмір ағашы» композициясы, биіктігі 50 метр болатын шолу дөңгелегі, балалар ойын алаңдары, спорт және воркаут алаңдары, амфитеатр, фудкорттар, велосипед жолдары және басқа да заманауи инфрақұрылым салынған. Саябақ аумағында 2 мыңнан астам ағаш, 53 мыңнан астам бұта, 54 мыңнан астам көпжылдық гүл отырғызылып, 2,7 гектар аумакқа газон төселді. Жасыл желектерді суару толықтай автоматтандырылған жүйеге көшкен.

Шаһар сәулетіне сән беріп, тұрғындарға жайлылық сыйлаған саябақ ішінде өңірдің экологиялық болмысын жаңғыртуға бағытталған бірегей жоба Ботаникалық бақ ашылды. Жаңа бақ аймақтың экологиялық мәдениетін көтеріп, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған маңызды нысан. Бұл орталық қаланың келбетін көркейтіп қана қоймай, табиғатпен тілдесіп, жан тыныштығын табуға мүмкіндік беретін ерекше кеңістік.

Президент саябағы аумағында орналасқан игі жобаның бірі – «AI-KERIM» оқу-сауықтыру орталығы. Мемлекет басшысының қолдауымен бой көтерген заманауи лагерь жыл бойы үздіксіз жұмыс істеп, балалардың сапалы демалысы мен жан-жақты дамуына мүмкіндік береді.

Сонымен қатар Мемлекет басшысының тапсырмасымен Президент саябағы аумағында жаңа драма театр мен тәулік бойы жұмыс істейтін кітапхананың құрылысы жүруде. Айта кетейік, бүгінде мұнда 9 қабатты 15 тұрғын үйдің құрылысы жүруде. Қазан айында пайдалануға берілетін бұл нысандар 945 отбасыны баспанамен қамтамасыз етпек.

Денсаулық сақтау саласында да маңызды жобалар жүзеге асуда. Шаһардың шет аумағы Титов шағын ауданында зәулім емхананың құрылысы қызу жүріп жатыр. Нысан пайдалануға берілес осы жерден 20 мың халыққа ем-дом жасалады. Сонымен бірге Сырдарияның сол жағалауында

Басы 1-бетте



«Аптағының» қолдауы

ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫНЫ – ҚАЛА ДАМУЫНЫҢ АЙҒАҒЫ

Айтолқы АЙТЖАНОВА

ЕҢБЕГІ ЕРЛІКПЕН ТЕҢ МАМАНДЫҚ

Бүгінгі таңда құрылыс саласы – қарқынды дамып келе жатқан бағыттардың бірі. Заманауи технологиялар мен жаңа материалдар мамандықты одан әрі маңызды әрі сұранысқа ие етуде. Құрылысшы болу – тек физикалық еңбек емес, білім мен шеберлікті, жауапкершілік пен ұқыптылықты талап ететін сала. Сыр өңірінің құрылыс саласында өзіндік қолтаңбасы бар, уақыт сынынан мүдірмей өткен іргелі ұжымдардың бірі – «Интегрострой» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Бұл мекеме 1998 жылдың қаңтарынан, аймаққа белгілі «Облагропромстрой» бірлестігінің ІМК-01 базасында қайта түледі. Ширек ғасырдан астам уақыт ішінде кәсіпорын қала құрылысы мен сәулет өнерінің көшбасшысына айналып, ел аумағында құрылыс қызметін жүргізуге құқылы ең жоғары – І санатты мемлекеттік лицензияны иеленді.

Түрілдеген техника үні мен кірпіш қалаған шеберлер... Қызылорданың аптап ыстығына қарамастан «Интегрострой» құрылыс алаңында жұмыс қызу. Құрылған күннен бастап құрылыс саласының бел ортасында жүрген компания қала мен облыс аумағында бас мердігер әрі сенімді қосалқы мердігер ретінде танылған. Олар салған және күрделі жөндеуден өткізген білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік-мәдени нысандар бүгінде Сыр халқының игілігіне берілді. Кәсіпорынның негізін қалаушы құрылысшы-кәсіпкер Бақдаулет Құлыбекұлының айтуынша, құрылыс нарығындағы түрлі экономикалық дағдарыстарға қарамастан, компанияның жұмыс кестесі бір сәтке де тоқтаған емес.

– Кез келген сапалы құрылыстың артында заманауи техника мен білікті маман тұратыны анық. «Интегрострой» серіктестігінің материалдық-техникалық базасы толық жабдықталған. Кәсіпорынның меншігіндегі күнделікті қолданылатын арнайы ауыр жүк көтергіш крандар, қуатты погрузчиктер мен жүк көліктері бар. Оған қоса мұнда 150-ге жуық қала тұрғыны тұрақты жұмыспен қамтылған. Мекеме тек зәулім үй тұрғызумен ғана шектелмей, қоғамның әлеуметтік тыныс-тіршілігіне де белсене араласып келеді. Облыс көлемінде өтетін қоғамдық іс-шараларға демеушілік жасап, мұқтаж жандарға қол ұшын созуда, – дейді Бақдаулет Ысқаков.

Кәсіпорынның биік белестерді бағындыруына жұмысшылардың қосқан үлесі зор. Мекемедегі жауапты маманның бірі, құрылыс шебері Руслан Бақтыбайұлы. Ол 2008 жылдан бері құрылыс саласында абыроймен еңбек

Басы 1-бетте



Думан КЕҢШІЛІК

етіп келеді. 1974 жылы дүниеге келген ол шаңырағында бес бала тәрбиелеп өсірген әке. Үлкен қызын құтты орнына қондырып, екі ұлы жоғары оқу орнында болса, кенже ұлы бүгінде мектеп қабырғасында білім алуда.

– Өмір жолым негізінен құрылыс саласымен тығыз байланысты. Ең алғаш еңбек жолым ірі нысан Әбілді Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапхана құрылысында қойма меңгерушісі болып бастап, кейін бас инженер лауазымына дейін көтерілдім. Кітапхананың 4 жылдық кепілдік мерзімі уақытында кәсіпшіліктерді түзеу маған жүктелген еді, – дейді Руслан Жүнісқұлов.

Сыр бойының топырағында өсіп-өнген жергілікті тұрғын болған соң, бұл өңірдің аптап ыстығына да, қақаған сары аязына да әбден үйреніп кеткенін айтты. Сырт көзге ауыр көрінгенімен, құрылысшылар үшін бұл қалыпты жұмыс ырағы.

– Туған жердің аптап ыстығына да, қыстың сары аязына да қарамай еңбек етіп келеміз. Қазіргі таңда қарамағымда 30-ға жуық білікті маман қызмет етеді. Бүгінгі күні сол жағалауда бой көтерген 40 пәтерлік заманауи тұрғын үй толықтай аяқталып, тұрғындар игілігіне тапсыруға дайын тұр. Барлық қажетті коммуникациялар, газ желісі де толық тартылған. Қазіргі таңда тұрғындарға жаңа пәтерлердің кілтін салтанатты түрде табыстау дайындығы жүріп жатыр, – дейді кейіпкеріміз.

Кәсіпорынның бүгінгі жетістігі біліктілік пен жастардың ынты жігерінің арқысы деуге болады. Мұнда өз ісінің майталмандарымен қатар, құрылыс алаңында шыңдалған жастардың қарасы қалың. Кәсіби мамандар кейінгі толқынның, әсіресе өндірістік тәжірибеге келетін колледж студенттерінің ынтысына ерекше сүйінеді. Ай сайын отызға жуық студент оқытушыларымен бірге осы ұжымға келіп, теорияны тәжірибемен ұштастыруда. Бір ай бойы жастар құрылыс өнерінің қыр-сырын меңгереді.

– Егер өзім құрылыс салуға үлес қосқан нысандардың ішінен ең ерекшесін бөле-жара айтар болсам, өткен жылы сол жағалауда бой көтерген музыкалық колледж ғимараты өзіме ерекше ыстық. Өйткені қарапайым көпқабатты тұрғын үйлердің жөні бөлек. Ал музыкалық колледж, кітапхана сияқты сәулетті ғимараттар – тек тас пен бетоннан тұратын құрылыс қана емес, уақыт сынына төтеп беріп, тарихта өшпес із қалдыратын ғимарат. Сол себепті де мұндай нысандарды салуға үлес қосу – мен үшін үлкен мәртебе әрі мақтаныш, – дейді шебер құрылысшы.

көпбейінді аурухана мен 500 орынға шақталған емхана салынуда.

Ауқымды жобалардың бірі – «Қызылорда арена» спорт кешені. Әмбебап спорт кешені халықаралық талаптарға сай салынуда. Мұнда ұзындығы 50 метрлік он жолақты жүзу бассейні, футбол, волейбол, баскетбол сайыстарын өткізетін 2500 көрерменге арналған үлкен зал қарастырылған. Нысан қазан айында ел игілігіне беріледі деп жоспарланған.

Қала инфрақұрылымын дамыту мақсатындағы тағы бір маңызды жоба – Сырдария өзені арқылы өтетін Астана шағын ауданынан Президент саябағымен байланыстыратын жаяу жүргіншілер көпірі. Жобалық-сметалық құжаттары әзірленіп, мемлекеттік сараптамадың оң қорытындысы алынған. Алдағы уақытта құрылыс жұмыстары басталады.

Облыс орталығында жол құрылысы да қарқын алған. Жаңа асфальт төселіп, кеңейіп жатқан көше көп. Жыл басынан бері Тасбөгет кентінде жол құрыстарының жұмысы қарқын алды. Кенттің кіре берісінен бастап асфальт төселіп, көшелер кеңейді. Бұл жұмыстардың сапасы және дер кезінде аяқталуы жергілікті биліктің бақылауында. Атап айтқанда, биыл жалпы құны 34 млрд 815,5 млн теңгені құрайтын 7 ірі жоба іске асуда. Оның ішінде 1 көпірдің құрылысы, 1 жаңа автомобиль жолы, сондай-ақ жалпы ұзындығы 43,4 шақырым болатын 39 көшені қайта жаңғырту және күрделі жөндеу жұмыстары қамтылған.

Қала тұрғындарын орталықтандырылған ыстық сумен қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар кезең-кезеңімен жалғасуда. Мәселен, 423 көпқабатты тұрғын үйді ыстық су жүйесіне қосу жоспарланған. Осы уақытқа дейін 189 тұрғын үй толық қосылды. Қалған үйлердің инженерлік желілері толық аяқталуы, қосуға дайын.

Сонымен қатар тұрғын үй қорын жаңғырту көпқабатты тұрғын үйлердің сәулеттік келбетін жақсарту мақсатында қазіргі уақытта жұмыстардың орындалуы шамамен 50 пайызды құрады. Ал балалар ойын алаңдарын жаңғырту бойынша мердігер мекеме «Еңбек» РМК-мен 1,9 млрд теңгеге 26 ойын алаңының құрылысы салынуда.

ДАНАЛЫҚТЫҢ ШЫРАҒДАНЫ, ОЙ-САНАНЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Зерттеу еңбектерге сүйенсек, Кәкітай мен Тұрағұл Құнанбаевтарға ақынның қолжазбасын жинақтап, баспаға дайындауды тапсырған адам Әлихан Бөкейханов еді. Әлихан ақынның ақылмен ақын ұрпақтары – Кәкітай мен Тұрағұл 1905 жылы өлеңдер мен қарасөздерді ел ішінен тіркептеп жинап, тапқанын қағаз бетіне түсіруді Мүрсейіт молдаға тапсырады. Мүрсейіт – Абай ауылында бала оқытқан, ақынның тапсыруымен кейінгі жылдары өлеңдерін жазып алып отырған. Ол бұған дейін де өлеңдерге сұрау салған адамдарға көшіріп берген. Абайтанушы ғалымдардың айтуынша, Мүрсейіт қолжазбалары – халықты ақын шығармашылығымен таныстыратын негізгі нұсқа екен. Петербор баспаханасынан Кәкітай мен Тұрағұл Құнанбаевтар шығарған ақынның тұңғыш өлеңдер жинағы Сыр бойына қашан келді, оны кім алдырды дегенге келсек, көрнекті ғалым Әуелбек Қоңыратбаев: «Қалжан Қоңыратбаев 1909 жылы Тұрағұл мен Кәкітайға хат жазып, Петерборда басылған Абай жинағының 200 данасын Сыр еліне алдыртады. Өзі де Абай поэзиясының әсерінен өлеңдер жазып, жариялайды» – деп жазады «Керуен» атты естелік кітабында.

Абай мұрасының адамзат өркениеті тарихындағы телегей теңіз, теңдесі жоқ қадір-қасиетіне Әлихан Бөкейханов «Абай кітабына» атты өлеңінде зор баға бергені белгілі. Алаштың асылы Әлиханнан кейін де Абайдың кітабын оқыған сайын даланың әр киырындағы қазақ ақындары көптеген жыр арнап жатты. Олардың қатарында Сыр сұлейлері атанған Тұрмағамбет, Шораяқтың Омары мен ақын Нұртуған Кенжеғұлұлы да болды. Ағартушы Қалжан Қоңыратбаевтың бұл еңбегін біз естен шығармауымыз керек.

Абай шығармаларының бұған дейінгі үш басылымы (1909 жылғы Петербор, 1922 жылғы Ташкент және Қазан басылымдары) тыс жердегі баспаханаларда жарық көрген еді. Демек, Абай шығармаларының 1933 жылғы Қызылорда қаласында басылуы қазақтың жеріндегі өз баспаханасынан алғаш шыққан кітабы ретінде тарихтан алар орны бар.

Абай Құнанбайұлының шығармашылығын, танымы мен парасатын терең зерделеу, талдау бойынша тың ізденіске бару – күн тәртібінен түспеген мәселе. Филолог-ғалым, түркітанушы, ақын Серікбай Қосан бұл тақырыпқа көп ізденіп, талдау жасаған.

– Әдебиет институтына барғанымда алғаш Абайдың әдеби хатшысы Мүрсейіт Бікеұлы көшірген 1910 жылғы қолжазба жинағы қолыма түсті. Сол кезден бастап Абай өлеңдері мен қара сөздерінің текстологиясына қызығушылығым оялды. Алғаш ақынның ең көлемді 38-қара сөзіне талдау жасауға талпыныс жасадым. Зерттеу мақалам 2000 жылдың 14 қаңтар күні «Қазақ әдебиеті» газетінің айқара бетінде «Кітап тасдиқ» және оның текстологиясы немесе абайтанушылар неден қателесті» деген атаумен жарияланды. Бір тәуір, қоғамда, зиялы қауым ортасында елауір резонанс тудырып, ғалымдар тарапынан оң пікірге ие болды. Абай мұраларымен алғаш ғылыми тұрғыда шұғылдануым осы кезден басталды, – дейді ғалым.

Ғалымның айтуынша, Абай шығармаларына толық текстологиялық талдау бола қойған жоқ. Ол оңай дүние емес. Көп тер төгу мен шұқшия еңбектенуді қажетсінетін күрделі жұмыс. Абай шығармаларының текстологиясын зерттейтін ғалымға шығыс тілдерін жетік меңгеруі, қолжазба оқудағы тәжірибесіне қоса, шығарманың көркемдік деңгейіне ой жүгіртіетіндей ақындық қабілеті болуы шарт. Бұған дейін Абай шығармаларының мәтіндерін зерттеу бағытында Қайым Мұхаметханов, Ханғали Сүйіншілиев секілді санаулы ғалымдар хал-қадірінше еңбек еткен. Алайда ол уақытта ғылымның даму деңгейі әлі де төмен болатын әрі ғалымдардың қолында ақын қолжазбаларының барлық нұсқалары түгелдене қойған жоқ.

– Шынымен ниеттеніп қолға алған зерттеуші 2-3 жылда өнімді нәтижеге жетуі мүмкін. Сонымен қатар баспа көрмеген, Абайға қатысты әңгіме-аныздар да көп. Барлығын жинақтап академиялық жинақ шығарса, ақын мұрасын толықтыруға деген игі қадам болары сөзсіз. Бұған дейін 1995 жылы толық жинағы шығарылды. Бірақ сол жинақтың өзіне Абайдың кейбір өлеңдері мен ғылыми қауымға таныс кейбір еңбектері енген, – дейді зерттеуші ғалым.

Абай мұрасы мұхиттай терең білім мен философиялық тағылымға толы. Шығармалардың тереңіне бойлап, саралап елге жеткізу зерттеуші ғалымдарды тынымсыз еңбек етуге бағыттайды.

Gaynar ҚОЖАХМЕТОВА

Басы 1-бетте

ЗӘУЛІМ ҒИМАРАТТАРДА ТУҒАН ЖЕРДІ ТҮЛЕТКЕН АЗАМАТТАРДЫҢ ҚОЛТАҢБАСЫ БАР

Адамдарға әрдайым қуаныш сыйлау үшін мезгілге де, уақытқа да қарамайтын құрылысшылар еңбегі өлшеусіз. Сапалы құрылыс салумен танымал «Промстройсервис-Е» компаниясының бұл салада қызмет етіп келе жатқанына бүгінде 26 жыл болды. Осы жылдар ішінде жүздеген құрылыс салып, сапаны бірінші орынға қойған мекеменің Сыр өңірі құрылысында да ерекше қолтаңбасы бар. Мекеме басшысы Манарбек Еспенбетов 40 жылдан аса құрылыс саласында еңбек етіп, мамандықтың абыройын асқақтатып келеді. Құрылыс саласында танымал компания Сыр елінің бас шаһарының шырайын келтіріп, сәні мен сәулеті келіскен құрылыс салуда аянбай еңбек етіп келеді. Атап айтар болсақ, сол жағалаудағы «Ақмешіт» тарихи мұражайын, өткен жылы пайдалануға берілген «Физика-математика» дарынды балаларға арналған мектеп-интернатын, сол жағалаудағы 7 қабатты үйдің бірін салған да осы мекеме. Бүгінде құрылыс алаңына айналған Сырдың бас шаһарында қала келбетіне ерекше сән беретін жаңа құрылыстарды салуға да атсалысуда.

Бүгінгі күні тұрғындардың назарын аударған Президент саябағы айналасындағы құрылыс басында да «Промстройсервис-Е» компаниясының құрылысшылары еңбек етуде. Анығында, Президент саябағы маңында қазқатар салынатын 23 көпқабатты тұрғын үй құрылысы басталса, соның 9 қабатты екі үй құрылысын аталған мекеме бастап та кетті. Оқырман есіне сала кетейік, осыдан үш жыл бұрын «Промстройсервис-Е» құрылыс компаниясының сол жағалауда 7 қабатты тұрғын үй құрылысын салып жатқанын жазған едік. Кәсіби мереке қарсаңында мекеме басшысынан кейінгі үш жылдан бергі жұмыс барысын сұрадық.

– Кез келген құрылыс компаниясының жұмысы сапалы құрылыс салумен өлшенетіні белгілі. Бұл орайда, сапаны бірінші орынға қоятынмызды әрдайым айтып келеміз. 2024 жылы қалада 40 пәтерлік 5 қабатты 2 үй, 50 пәтерлік бір үй салып, кілтін тапсырдық. Өткен жылы мамыр айында қаланың сол жағалауында 7 қабатты 1 үйді салып, пайдалануға бердік. Тағы бір 7 қабатты үй құрылысы аяқталып қалды, күз айында пайдалануға береміз деп жоспарлап отырмыз. Одан бөлек, өткен жылы сол жағалауда 400 орындық физика-математика бағытындағы «Білім-инновация» лицей-интернаты, жанында 300 орындық жатақханасын салдық. Қазір Президент саябағынан Шіркейлі көпіріне дейін 23 көпқабатты үй түседі деп жоспарланса, соның екі үйін біз салып бастадық. Әрқайсысы 90 пәтерлік екі үйді келесі жылдың тамыз айында пайдалануға беру жоспарланған. Мұнан бөлек, Жезқазған қаласы маңындағы Жәйрем кентінде спорт кешені құрылысын бастаймыз. Яғни, біздің «Промстройсервис-Е» құрылыс компаниясы тек туған жерде ғана емес, Қазақстанның әр бұрышында құрылыстың өркендеуіне үлес қосуда, – дейді мекеме басшысы Манарбек Еспенбетов.

Шынында, құрылыс сапасы бірінші орында. Жиырма жылдан аса ел алғысын аркалап келе жатқан компания басшысынан құрылыс сапасы туралы сұрадық.

– Құрылыс саласына өмірін арнаған біз үшін сапа – әрдайым басты орында. Менің ұстанымым – құрылысты аяқтап, беріп құтылу емес. Пайдалануға берген әрбір нысанды одан кейін де назардан тыс қалдырмай,

кейбір майда-шүйде кемшіліктері болса, жөндеп береміз. Қолтаңбаңыз қалған құрылыс нысанына сын айтылмас үшін әрдайым әрбір қағылған шегеге дейін мұқият қараймыз. Бұл жауапкершіліктен ешқашан қашпаймын да. Оның үстіне, қазір заң таалабы да күшейді. Биыл жаңадан өзгеріс енген «Құрылыс» кодексінің талабы бойынша мердігер компания өзі салған құрылыс нысанының іргетасы, қабырғасы, шатыры, қасбеті сапасына 10 жылға кепілдік беретіні талап етілген. Сол себепті де кез келген құрылыс компаниясы бірінші орынға сапаны қояды деп ойлаймын, – дейді ол.

«Промстройсервис-Е» компаниясы туған жерді түлетуге айтарлықтай үлес қосып келеді. Қаладағы қасбеті жаңа кейіпке енген үйлер, ойын алаңдарының салынуына демеушілік есебінде үлес қосқан мекеме басшысы бұл ісін азаматтық парыз санайды.

– Кейінгі екі жыл ішінде демеушілік есебінде құрылыс салуға 700 млн теңге қаржы жұмсадым. Соның ішінде өткен жылы компания қаржысы есебінен Арал ауданы Тоқабай елді мекеніне 150 орындық мектеп салып бергенімізді атап айтқым келеді. Бала біздің болашағымыз ғой. Олардың уақыт талабына сай мектепте білім алуына жағдай жасауға үлес қосқанымыз мақтан етеміз, – дейді Манарбек Нағымұлы.

Бір айта кетерлігі, құрылыс компаниясының тағы бір ұстанымы – өз құрылысымызды өзіміз салу. Бұл – мекеме басшысының өзіне де, ұжымға да қояр талабының бірі. Құрылыс саласына жас мамандарды тарту, шәкірт тәрбиелеу аға буынның міндеті деп білетін компания басшысы құрылысшыларға барынша жағдай жасап келетінін де жасырмады. Дегенмен маман тапшылығы бар екенін де айтты.

– Кейінгі кезде құрылыс саласында маман тапшылығы бар екенін айтып келеміз. Жастар құрылысқа келе бермейтінін несіне жасырамыз. Бұрын еңбек нарығын Өзбекстаннан келген гастербайтерлер толтыратын еді. Қазір тек жергілікті мамандарды ғана жұмыспен қамтып отырмыз. Алайда қара жұмыс істейтін жастарды майшамен іздеп таппаймыз десек, артық айтқандық емес. Қазір дәнекерлеуші, электрик мамандар қасқалдақтың қанындай тапшы болып отыр. Әрлеуші, бетон құюшы, ағаш ұстасы деген де жоқ. Қаламызда қаншама кәсіптік-техникалық колледжден, оқу орындарынан жыл сайын маман бітіріп шығады, алайда «мен оқу бітіріп едім, жұмысқа аласыз ба?» деп келген бірде-бір жасты көргенім жоқ. Бұл – өте өзекті мәселе. Бір алаңдатарлығы, қазір құрылыс саласында 20-25 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан мамандар жүр. Олардың орташа жасы – 45-60 жас аралығында. Олар ертең зейнетке шықса, орнын кім басады? Қазір тепсе темір үзетін жігіттер құрылыс саласында еңбек еткеннен гөрі, жеңіл-желпі жұмыс істегенді тәуір көреді. Әйтпесе, жас маманның жағдайын жасап, қуана қарсы алуға дайынбыз. Мен компанияда еңбек етіп жүрген мамандарға барынша жағдай жасап отырмын. Жұмысшыларға тамақ тегін, қызметтік автобус бар, жалақысы уақытылы беріледі. Мұнан бөлек, компанияның техникалық бөлімінің мамандарына жеке көлігіне жанармай шығыны мекеме есебінен, пәтер жалдап тұратын жас мамандардың пәтеракысы да төленеді, – дейді мекеме басшысы.

Бүгінде компанияда маман тұрақты. Тіпті 26 жылдан бері компаниямен бірге жұмыс істеп келе жатқан құрылыс бригадалары бар. Атап айтқанда, Мөлдір Әсетова, Бақытбек Ертілеуов, Сәуле Алтынбаева басқаратын құрылыс бригадалары сапаға жұмыс істейді.

– Бұл құрылыс бригадалары компаниямен әріптестік байланысты үзген емес. Тіпті 26 жылдан бері бізбен бірге жұмыс істеп келе жатыр десек артық айтқандық емес. Бұл – сенім мен сапаның нәтижесі. Бір

жағынан, мамандарға жасалған жағдай – тұрақтылық кепілі. Сонымен қатар оқу бітіріп келіп, осында жұмыс істеп, бүгінде майталман маманға айналған кадрлар да бар. Мысалы, Ержан Молдабаев техникум бітіріп келіп, мекемеде еңбек жолын жұмысшы болудан бастап, бүгінде шеберге дейін өсті. Сондай-ақ жоғары оқу орнын бітіріп келіп, компанияда жұмыс істеп жүрген прораб Берікбол Нұрман, учаске бастығы Досбол Разаков пен Нұрсұлтан Құдайбергелді атап айтар едім. Бұл азаматтар – кеше диплом алған жас маман болса, бүгінде құрылыстың қыр-сырын білетін нағыз мамандар. Құрылыс саласында осындай жастар көбейсе екен деймін, – дейді Манарбек Нағымұлы.

Әрине, құрылысшы үшін әрбір салған құрылыс нысаны өзіне ыстық көрінеді. Дегенмен жыл өткен сайын артқа қарағанда мақтаныш сезімін туғызатын жобалар болатыны сөзсіз. Өңгіме арасында Манарбек ағаға «қолтаңбаңыз қалған қай құрылыс нысанын мақтанып айтар едіңіз?» деген сұрақ қойдық.

– Өткен жылы пайдалануға берілген физика-математика бағытындағы «Білім-инновация» лицей-интернатын атап айтар едім. Дарынды балалардың кереметтей ғимаратта оқып жатқанын көргенде көңілім толады. Бұл ғимаратты салуға ең бірінші сол кездегі облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлының еңбегі ерен дер едім. Ғимарат құрылысын бастамас бұрын Нұрлыбек Машбекұлы облыстық білім басқармасының басшысы Асқарбек Есжанов екеумізді шақырып алып, Астана қаласы маңындағы Қосшы ауданына жіберді. Сол жакта «ВІ групп» құрылыс компаниясы мектеп салған екен. Бізге сол мектепті мұқият көріп келіп, сол ғимараттан кем болмайтындай етіп мектеп салуды тапсырды. Бір айта кетерлігі, тапсырып ғана қойған жоқ, құрылыстың басы-қасында өзі жүрді. Аптасына кемінде екі рет құрылыс алаңына соғып кететін. Мектептің әрбір қаланған кірпішіне, қағылған шегесіне, тіпті баянған түсіне дейін мән берді, ой қосты, кеңес берді. Нәтижесінде керемет ғимаратта дарынды балалар оқып жатыр. Елге қызмет етуде Нұрлыбек Машбекұлының талабы да, тәртібі де талай нәтижелі жобаның жүзеге асып, Сырдың бас шаһары, тіпті әр елді мекені жаңарып, мақтанатындай дәрежеге жетті. Нұрлыбек Машбекұлының елге болсын деген ұстанымын кәзіргі облыс әкімі Мұрат Нәлқожаұлының жалғастырып жатқанын ел күн сайын көріп отыр. Қызметке келген күннен өңірдегі құрылыс қарқынын тоқтатқан жоқ. Сырбойлық құрылысшылармен әрдайым пікірлесіп, құрылыс нысандарын аралап, басталған жобалардың жүйелі жалғасын табуына ықпал етуде. Ең бастысы, елге қызмет еткен азаматтардың талабы да, мақсаты да бір, елге болсын, ел игілігін көрсін деген ниет. Осындай биік мақсатпен, асқақ арманмен жүзеге асқан жобаларда туған жерді түлеткен азаматтардың қолтаңбасы бар. Ал игілігін ел көріп жатыр, – дейді туған жердің көркейгенін мақтанышпен жеткізген Манарбек Еспенбетов.

Құрылыс компаниясында қарбалас жұмыс, үстел үсті жоба сызбаларына толы, ал сыртта – қайнаған қызу тіршілік. Ел игілігіне берілетін тағы бір зәулім нысандар алыстан мен мұңдалайды.

– Қызылорда облысы бойынша Құрылысшылар ассоциациясының төрағасы ретінде еліміздің, туған жердің көркеюіне үлес қосып жүрген құрылысшыларды кәсіби мерекемен құттықтаймын. Құрыш білек құрылысшыларға зор денсаулық, еңбекте абырой тілеймін! – деп әңгіме түйінінде мерекелік лебізін білдірді Манарбек Еспенбетов.

Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Басы 1-бетте

ҚҰТХАНАМ – КІТАПХАНАМ, ЖАНЫМДЫ ЖҰТАТПАҒАН



қабілетін дамытады, күрделі сюжеттік желілерді түсіну және талдау арқылы ми қызметі жақсарады. Кітап оқу тіл байлығын арттырады. Жаңа сөздер мен сөз тіркесін үйрену арқылы сөйлеу және жазу қабілеті жетіледі. Сондай-ақ адамға тыныштық пен жайлылық береді.

Әбділда Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапхананың директоры Сапарбек Көзейбаевтың айтуынша, кітап қоры 434482 дананы құраса, келушілер саны – 48702. «Кітапхана қорларын цифрлау» жобасы аясында қор сақталымын қамтамасыз ету мақсатында 9833 кітап цифрланған.

– Кітапханада балалар мен жастардың шығармашылық қабілетін дамыту мақсатында АРТ-студия жұмыс істейді. Студияға келушілер бейнелеу өнері үйірмесіне қатыса алады. Жұмыссыз жастарды және әлеуметтік жағынан аз қамтамасыз етілген азаматтарды компьютерлік сауаттылыққа үйрету мақсатында «Шаңырақ» интеллектуал-орталығы құрылды. Сирек кітаптар топтамасы – қордың ерекше құндылығы. Қорда 1040 сирек және құнды басылым бар. Қор қазақ, орыс, өзбек, қырғыз, араб, парсы, латын, тәжік, түрік, шағатай, татар, корей тілдеріндегі жазба ескерткіштерден құралған. Олардың жазылу әдісі де әр алуан. Олардың дені қисса, дастан, естелік және басқа жанрда, көпшілігі 1961 жылға дейін жарық көрген. Сирек кітаптардың ішіндегі ең құндысы – арабша жазылып, 1293 Нижра жылы шыққан «Құран Кәрім». Кітаптың сырты терімен қапталып, аяттары шөп бояумен боялған, – дейді кітапхана директоры.

Жалпы облыс кітапханаларында кітап оқу мәдениетін ілгерілету, оқуды қолдау мақсатында «Кітап Fest» фестивалі, республикалық «Бір ел – бір кітап» акциясы, «Үздік оқырман» бенефисі, «Оқитын өлке» акциясы, «Кітаппен бірге өсеміз», «Әдеби автобус», «Библио-керуен», «Ұлылардан ұлағат», «Мен оқыған кітап» жобалары және «Досыңа кітап сыйла», «Кітапханаға кітап сыйла» акциясы ұйымдастырылуда.

Кітап оқуды насихаттау және оқырманның оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында 142 мәдени шара өткізілген. Ұлттық кітап және кітапханашылар күніне арналған «Кітап – білім бастауы» тақырыбындағы апталықтың орны ерекше. Талғамы биік оқырмандар үшін апта бойы кітапханада «Күш – білімде, білім – кітапта» тақырыбында студенттер арасында интеллектуалды сайыс, «Дара тұлғаның дара жолы» атты оқырманмен кітап жайлы сыр-сұхбат, «Ұлттық өнер – ұрпаққа аманат» атты ақын, күміс домбыра иегері Бексұлтан Орынбасаровпен кездесу, «Кітап. Тарих. Шежіре» тақырыбындағы сирек және құнды кітаптар көрмесі, «Кітап ал!» келушілерге кітап сыйлау акциясы, «Қош келдің көктем!» тақырыбымен табиғат аясындағы плэнер және «Кітапханадағы түн – 2026» акциясы ұйымдастырылған.

Кітапхана ауласында облыстық кітапханамен қатар, қала, аудан кітапханалары өз жетістіктерін, озық жұмыс тәжірибесін дәріптейтін көрме ұйымдастырды. Көрмелер кітапхана ісін қолдауға, жастардың шығармашылық әлеуетін дамытуға және кітапты білім мен өзін-өзі дамытудың басты құралы ретінде насихаттауға бағытталған мәліметтерден дайындалды

Рухани көштің алғашқы сапары Сырдария ауданының Нағи Ильясов ауылынан басталды. Керуен жеті ауданның ауыл-аймақтарында: Дүр Оңғар (Қармақшы ауданы), Қамыстыбас (Арал ауданы), Ү.Түктібаев (Қазалы ауданы), Талсуат (Қызылорда қаласы), Бала би (Шиеді ауданы), Таң (Жалағаш ауданы), М.Нәлібаев (Жанақорған ауданы) ауылында ұйымдастырылды. Кітап керуені ауыл тұрғындары арасында зор қызығушылық тудырып, кітап пен оқырман арасындағы байланысты нығайтуға, кітап оқуға деген ынтасын арттыруға мүмкіндік берді.

Көпшілікке қазақ және әлем әдебиетінің үздік туындылары, балалар әдебиеті, тарихи-танымдық және көркем шығармалар, сирек кітаптар ұсынылды. Ақын-жазушылармен және шығармашыл тұлғалармен кездесу, кітап талқылау, шеберлік сағаты, оқу

эстафетасы, «Кітапханаға кітап сыйла» акциясы өтті.

«Тарихтан жеткен аманат» атты сирек кітаптар көрмесінде облыстық кітапхана қорындағы құнды және сирек кітаптар көпшілік назарына ұсынылды. Көрме келушілердің тарихи-мәдени мұраға деген қызығушылығын оятып, оны насихаттауға, тарихи-мәдени құндылықты дәріптеуге және оқырмандардың танымдық қызығушылығын арттыруға бағытталғаны қатысушыларға ерекше шабыт сыйлады.

Аудан кітапханалары «Кітап – тарих, кітап – қазына» кітап көрмесін ұйымдастырды. Көрмеге ұлттық тарих, әдебиет, мәдениет және өлкетану бағытындағы құнды басылымдар қойылды. Келушілер кітап қорымен танысып, ұлттық әдебиеттің бай қазынасынан мазмұнды ақпарат алды.

Әбділда Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапхананың директоры Сапарбек Көзейбаевтың айтуынша, «Кітап құрттары» клубының ұйымдастыруымен өткен кітап талқылау алаңында жастар өздері оқыған шығармалар жөнінде еркін пікір алмасып, әдеби туындылардың тәрбиелік және танымдық маңызын саралады. Мұндай кездесу олардың кітап оқуға деген ынтасын арттырып, әдеби орта қалыптастыруға ықпал етті. «Жастар оқиды» оқу эстафетасы кітап оқуды жастар арасында кеңінен дәріптеуге мүмкіндік берді. Эстафета жастардың оқу белсенділігін арттырып, кітапқа деген қызығушылығын кеңейтуге, әдеби орта қалыптастыруға оң ықпал етті.

Сондай-ақ «Кітап.Білім.Цифрлық технология» атты жасанды интеллект мүмкіндіктері мен электрондық қызметтерді тиімді пайдалану тақырыбында шеберлік сағаты ұйымдастырылды. Қатысушыларға заманауи цифрлық технологиялардың мүмкіндігімен танысып, жасанды интеллект құралын қолдану, кітапханадағы электрондық қызмет түрін пайдалану және цифрлық сауаттылықты арттыруға бағытталған кеңес берілді.

«Кітапханаға кітап сыйла» акциясы аясында кітапханалар қорына 800-ге жуық кітап сыйға берілді. Сондай-ақ кітап жәрмеңкесі ұйымдастырылып, отандық баспалардың көркем, ғылыми-көпшілік және балалар әдебиеті ел назарына ұсынылды. Бұл шара кітаптың қолжетімділігін арттыруға және ауыл оқырмандарының сапалы әдебиеттерге қол жеткізуіне мүмкіндік берді.

«Кітап керуені» кітаптың қадірін арттыруға, оқырман мәдениетін қалыптастыруға және рухани құндылықты насихаттауға зор үлес қосты. Кітап пен оқырман арасындағы байланысты нығайтып, ауыл тұрғындарының рухани өміріне терең сын берді.

«Жазғы оқу сайысы» байқауына облыстың ауылдық, аудандық және қалалық кітапханаларынан 200-ге жуық оқушы қатысты. Облыстық кітапханада өткен шешуші кезеңде облыстың түкпір-түкпірінен келген үздік оқырмандар ұсынылған әдеби шығармалар бойынша білім мен шығармашылық қабілетін ортаға салды. Қатысушылар әдеби шығармаларды талдау шеберлігі, сөйлеу мәдениеті, сыни ойлау қабілеті және шығармашылық әлеуеті бойынша бағаланды.

Байқауға облыстық мәслихат депутаты, Қызылорда облысы бойынша «Әкелер одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің басшысы Е.Искендер, суретші, Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі Д.Тойшыбаев және «Шериф-Н» ЖШС-нің бас директоры А.Тасқараев демалушылық көрсетті.

Женімпаздар мен жұлдегерлер облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының дипломымен, Алғыс хатпен және бағалы сыйлықпен марапатталды.

– Кітап оқу арқылы адам күйзелістен арылып, жақсы көңіл-күйде болады. Кітапханада түрлі тақырыптағы кітаптар мен басылымдар жинақталған. Оқырмандарға қажетті ақпаратты іздеу және оқу мүмкіндігін береді. Мұнда түрлі шаралар, көрмелер, дәрістер өткізіледі. Кітапхана – білімнің сарқылмас көзі, ал кітап – сол білімнің кілті. Әрбір адам кітап оқуды әдетке айналдырса, білімді әрі мәдениетті қоғам құрылатыны сөзсіз. Кітаптар бізге тек ақпарат беріп қана қоймай, ойлау қабілетімізді дамытып, жан дүниемізді байытады. Кітапхана – осы білім мен мәдениеттің қасиетті ордасы, – дейді кітапхананың тұрақты оқырманы Дамира Әлмәганбетова.

Басы 1-бетте

Гайһар ҚОЖАХМЕТОВА

«Апталықтың» коллажы

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА
жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі: №17657-І.

«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» бағын үйі» ЖШС сенімгер басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3225 Тапсырыс №1344

Нөмірдің кезекші редакторы Думан КЕЧІЛІК